

Қазақтың текті қыраны – Талғат Бигелдинов



Өмірбаяны



Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов (5.08.1922 ж. т.) - Кеңес Одағының Батыры атағын екі рет алған (26.10.1944 және 27.06.1945), Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Майбалық ауылында шаруа отбасында туған. Балалық және жастық шағын Фрунзе қаласында өткізіп, 16 жасында аэроклубта оқыды. Чкалов әскери авиация училищесін бітірді (1942). 1943 жылдың қаңтарынан 144-гвардиялық шабуылшы авиация полкінің құрамында Калинин, Воронеж, Далалық, 1 және 2-Украин майдандарында шайқасты. Соғыстың соңғы айларында оның штурмовиктері Одер мен Нидтегі ұрыстарға және жау ордасын талқандауға қатысты. Ол Ұлы Отан соғысында қатардағы ұшқыштан авиация полкінің командирі дәрежесіне дейінгі майдан жолынан өтті. Жауға қарсы 305 дүркін ұшып шықты. Сан рет батылдық пен ерліктің, тапқырлық пен шеберліктің үлгісін көрсетіп, даңққа бөленді.

Одан соң ИЛ-2 шабылдаушы ұшағында ұшуға үйренуден өтті. Осының бәріне ұзын-ырғасы екі жарым жыл шамасында уақыт кетті. 1942 жылғы желтоқсан айында Талғат Бигелдинов кейіннен 144-ші гвардиялық деп аталған алғы шептегі 800-ші шабылдаушы авиалыққа келіп қосылып, соның құрамында соғыстың соңғы күндеріне дейінгі бүкіл отжалынды бастан өткере кешіп өтті. Ал қан майданға аттанар алдында Ижевск қаласынан «ИЛ-2» штурмовигімен ұшуды үйреніп шығады. Сол күннен бастап әскерилер арасында «ұшқыш танк» деп аталып кеткен «Илюшаға» басы бүтін бауыр басып, 1942 жылы майданға аттанады.





Талғат соғыста 305 рет жеңіске жетті, жауынан мерейін 305 рет үстем етті. Ерліктің мақсаты әрдайым жеңіске жетіп отыру болса, сол қасиетті мақсат биігіне Бигелдинов мәрттікпен көтеріле білді. Ол жер жастандырған жау саны, талқандаған техника мен жабдық-жарак, дұшпанды ойрандатқан шығын молая берді. Бір өзі алғашқы он ұшу жорығында-ақ дұшпанның Демьян тобындағы 10 автомәшинесін, 2 зеңбірек, 4 дзотын, 100 шақты гитлершіл мен бір жойғыш-қырғиын құртып жіберген. Сол ерлігі үшін ең алғаш рет Екінші дәрежелі Отан соғысы орденін алды.





Осы өзі бір көргеннен қатты ұнатқан ұшақпен көк жүзінде 500 сағат болады. 305 рет әскери шабуылға шығып, жау ұясы – Берлинді алуға бірінші болып катысады. Фашистер өздеріне аяусыз өлім оғын сепкен Талғат мінген ұшақты «Қара ажал» деп атаған. 23 жасында Кеңес Одағының екі мәрте батыры атағын иеленіп, соғыста небір көзсіз ерлік көрсеткен қыран казак кан майданнан аман-есен оралады. .



Соғыс біткеннен кейін Талғат Жақыпбекұлы Әскери-әуе академиясында оқып, кеңес армиясындағы бөлімдер мен құрамалар командирі, штаб бастығы мәртебесін еншілеткен диплом алып шықты. Әскер қызметінде реактивті ұшақтарды ігерумен шұғылданды. Бір жолғы сынақ ұшуы кезінде апатқа ұшырады, алты ай бойы ажалмен арпалысты. Екінші топтағы соғыс мүтедегі болса да, бейбіт өмірден өз орнын табуға құлшынды.



1956 жылы денсаулығына байланысты демалысқа шығады. КСРО Жоғарғы Кенесінің үш мәрте депутаты болып сайланады. 1957_жылдан 1970 жылға дейін азаматтық авиацияны басқарып, Алматы, Ақмола, Аркалық, Қызылорда, Қарағанды, Тараз сынды көптеген қалаларда аэропорт салу ісіне өлшеусіз үлес қосады. 1968 жылы Мәскеу инженерлік-құрылыс институтын бітіріп, мемлекеттік құрылыс саласында да қызмет атқарып, әсіресе, Алматыдағы небір тамаша зәулім ғимараттардың бой көтеруіне атсалысады.



Марапаттары

Ленин ордені,
2 рет Қызыл Ту ордені,
1 және 2-дәрежелі Отан
соғысы ордендері,
Александр Невский ордені,
Қызыл Жұлдыз ордені,
3-дәрежелі Даңқ ордені.





2014 жылғы 9 қарашада Алматы қаласында дүниеден өтті. Оның есімі Ақтөбе Жоғары азаматтық авиация ұшқыштар институты мен Қарағанды республикалық авиациялық училищесіне берілген.

